ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА ТАРАЗ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026 жылғы 26 ақпан
Тараз қаласы

№ 826
город Тараз

Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын-жай коммуналдық шаруашылық, жолаушылық көлігі және автомобиль жолдары бөлімі\Амирбекова Н.А.

Қаржы бөлу туралы

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 шілдедегі №551 қаулысына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31–бабын, Тараз қаласы әкімінің міндетін атқарушы Н.Исабековтің төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс отырысының 2026 жылғы 19 ақпандағы №2 хаттамасын, Тараз қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезектен тыс отырысының 2026 жылғы 24 ақпандағы №2 шешімін басшылыққа ала отырып, Тараз қаласы аумағында орналасқан Талас өзеніне «Чон - Қақпа» су қоймасынан көп мөлшерде су тасталған жағдайда, «Қызыл жұлдыз» алабындағы Аспара (Рысқұлов) көшесінде су тасқынын болдырмаудың алдын алу мақсатында, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның резерві» кіші бағдарламасы бойынша қарастырылған қаржы есебінен «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай – коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 441 216 000 (төрт жүз қырық бір миллион екі жүз он алты мың) теңге бөлінсін.

2. «Тараз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қалалық бюджетке тиісті өзгерістер енгізсін.

3. «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын-жай коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бөлінген қаражаттарды мақсатты және уақытылы игерілуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қала әкімінің міндетін атқарушы **Н. Исабеков**

002731

Бланк сериялық нөмірі ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына жазғы қолданылған көшірмелер шектеусіз данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебнойнеобходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.